

Ауылда тұратын жазушы оқырмандарымен кездесті

Облыстың Н.Гоголь атындағы кітапханасында жазушы Өмір Кәріпұлы оқырмандарымен кездесті. Кездесу жазушының 70 жылдық мерейтойына және Жазушылар одағының 75 жылдығына орай ұйымдастырылған болатын. «Сарыарқаның сөз сардары» атты кездесуге ғалымдар, ақын-жазушылар қатысты. Облыстық мәдениет басқармасының ұйытқы болуымен өткізілген бас қосуда филология ғылымдарының докторы, профессор М.Хамзин қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, прозаның ауыр жүгін көтеріп, керкем әдебиетке сүбелі үлес қосқан қаламгердің туындылары туралы өз ойын ортаға салды. Сөз кезегінде мәдениет басқармасының бастығы Р.Омарбекова жазушыны мерейтойымен құттықтап, иығына оқалы шапан жапты. Жазушының жарына оюлы камзол кигізді. Мұнан кейін Алматыдағы «Қазақпарат» баспасының директоры Төрехан Майбас, Өмір Кәріпұлын езіне ұстаз тұтатын жазушы-драматург Төкен Әлжантегі және басқа да қонақтар жазушыға жүрежарды ықыластарын білдірді.

Кітапхана жанынан құрылған «Жыр-жауһар» поэзия клубының мүшелері жазушының «Қолшатыр», «Сұғанақ», «Үнем созар», «Алғыш» атты мысалдарынан үзінді оқыды. Ал Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктегі «Әуен» ансамблінің әншілері әсем әннен шашу шашып, Алаштың ақиық қыраны Ақселеу Сейдімбековке арнаған, Өмір Кәріпұлының сөзіне жазылған «Алаштың абызы еді» атты өнінің тұсауын кесті. Әуені - көпке танымал композитор Ысқақ Тәукейұлының. Жаңа әнді орындаған Абай аудандық мәдениет үйінің әншісі - Бота Ноғаева.

Жазушы ауыл мектебінде жиырма жыл ұстаздық етті. Бейнелеп айтқанда, ол «өзінің кейіпкерлерінің ортасында» (Т.Майбас). Жазушы қаламынан туған «Бұрқақ», «Тайталас» романдары, «Сарыбел сазы», «Атасының баласы», «Ескі тоған», «Серілер мен перілер», «Тамызық» және «Сыбаға» кітаптары соның нәтижесі. Өмір бойы ата қоныс ауылдан ажырамай, ауыл адамдарын, олардың арманы мен мұңын, сағынышын, сезімін, махаббатын шығармасына арқау еткен жазушыға құрмет бұған дейін Жаңаарқа ауданында жасалған-ды.

Ат шаптырым залда емес, алақандай оқу залында ғана оқырмандарымен жүздесуді құп көрген Өмір Кәріпұлы кездесуді ұйымдастырушыларға алғыс айтты.

Кездесу соңында облыстық кітапхананың сайтына қойылған, қаламгердің мерейтойына арналған виртуалды кітап көрмесіне әдеби шолу жасалды.

Өз тілшімізден.